

Р. Мухитдинов¹, Б. Бердмурат¹

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

«ҚЫРЫҚ ПАРЫЗ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Қырық парыз – Орта Азия елдерінде қалыптасқан Ислам дінінің негізгі міндеттері мен шарттарын қамтитын діни-танымдық түсінік. Бұл ұғым, әсіресе қазақ, өзбек, қырғыз, татар сынды елдерде кең тараған.

Бұл мақалада қазақ халқының діни дүниетанымында кеңінен тараған «қырық парыз» ұғымы мен оның әдебиет пен мәдениеттегі орны талданады. Авторлар Орта Азия халықтарына ортақ бұл діни-дидактикалық жүйенің тарихи қалыптасуына тоқталып, оның діни мәтіндердегі, халық ауыз әдебиетіндегі және жеке ақындар шығармашылығындағы көріністерін саралайды. Әсіресе Балмағамбет Балқыбайұлының «Қырық парыз баяны» атты өлеңі негізгі зерттеу нысаны ретінде алынған. Ақын халық арасында «сары молда» деген атпен белгілі болып, діни-танымдық мазмұндағы мұра қалдырған. Оның шығармашылығы тоталитарлық жүйе тұсында кеңінен таралма-са да, тәуелсіздік кезеңінде қайта жарияланып, ғылыми айналымға енді. Мақалада «қырық парыз» ұғымының исламдық негіздері, яғни иман шарттары, ислам пары-здары, намаз, дәрет, ғұсыл, тәйәммум сияқты ғибадаттар мен әйелдерге қатысты діни міндеттер жүйелі түрде талданады. Балқыбайұлының өлеңіндегі діни мазмұн Құран аяттары мен хадистер, сондай-ақ ханафи мәзһабының классикалық еңбектерімен салыстырыла отырып түсіндіріледі. Сонымен қатар мәтіндегі араб-парсы текті термин-дерге лексикалық-семантикалық талдау жасалып, олардың қазақ тіліндегі орны мен қолданысы ашылады. Авторлар қолданған әдіс-тәсілдер қатарында тарихи-салы-стырмалы, филологиялық, теологиялық, лексикалық және педагогикалық талдау бар. Бұл тәсілдер өлеңнің мазмұнын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде «қырық парыз» ұғымы тек діни практиканың құралы ғана емес, соны-мен бірге халықтың дүниетанымын қалыптастырған мәдени-рухани феномен екені анықталды. Мақалада қазақ ақындарының діни шығармалары халықтың діни санасын қалыптастыруда, діни сауатты ұрпақ тәрбиелеуде ерекше рөл атқарғаны көрсетілді. Бұл зерттеу қазіргі діни-ағартушылық дәстүрлерді тарихи тұрғыдан түсінуге және қазақ әдебиетіндегі діни поэзияның ерекшелігін айқындауға септігін тигізеді. «Қырық парыз баяны» сияқты шығармаларды талдау діни-мәдени мұраны жаңаша бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қырық, парыз, иман шарттары, діни поэзия, қазақ әдебиеті, Балмағамбет Қалқыбиұлы, дәрет, ғұсыл, тәйәммум, намаз, ораза, зекет, қажылық.

رشيد محي الدينوف¹، بيكولات بيردي مراد¹
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك، ألماتي، كازاخستان
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

مفهوم أربعين فريضة وتجلياته في التصور الديني لدى القازاق

الملخص:

أربعون فريضة هو مفهوم ديني ومعرفي يشمل الواجبات والشروط الأساسية في الدين الإسلامي كما تبلورت في بلدان آسيا الوسطى، لا سيما بين الشعوب مثل الكازاخ، الأوزبك، القيرغيز، والتتار. وقد انتشر هذا المفهوم بشكل واسع في تقاليد التوعية الدينية، وكان يُعتبر من الضروري حفظه عن ظهر قلب.

تتناول هذه المقالة مفهوم «الأربعين فريضة» الذي انتشر انتشاراً واسعاً في الوعي الديني للشعوب التركية في آسيا الوسطى، ولا سيما الكازاخ. يبين الباحثان أن هذا المفهوم، وإن كان أصله في كتب الفقه الكلاسيكية، فقد تطور مع الزمن ليصبح شكلاً من أشكال المعرفة الدينية الشعبية، يُحفظ ويُدرّس في المساجد والمدارس، ويُعبّر عنه أحياناً في أشعار وأمثال وأقوال مأثورة.

تركز الدراسة على قصيدة الشاعر بَلْمَاغَمِبْت بَلْقِيْبَايْ أولي المسماة «بيان الأربعين فريضة»، التي أصبحت موضوعاً للتحليل الإسلامي والفيلولوجي. يعرض الشاعر، المعروف بين الناس بلقب «الملا الأصفر»، الهيكليّة الكاملة للأربعين فريضة، بما في ذلك أركان الإيمان، أركان الإسلام، فرائض الصلاة، الطهارة، التيمم، الغسل، وأحكام خاصة بالنساء. كما يربط المؤلف بين أبيات القصيدة والآيات القرآنية والأحاديث النبوية ومصادر الفقه الحنفي.

تعتمد المنهجية على عدة أدوات: التحليل التاريخي المقارن، التحليل الفيلولوجي واللاهوتي، الدراسة المعجمية والدلالية للمصطلحات الدينية، والتحليل التربوي الذي يُبرز وظيفة النص كوسيلة للتعليم الديني. يوضح البحث أن القصيدة لا تقتصر على كونها نصاً تعليمياً في الفقه، بل تمثل أيضاً جزءاً من التراث الثقافي والأدبي للشعب الكازاخ.

كما يبين الباحثان أن أشعار بَلْمَاغَمِبْت لم تنتشر في حياته بسبب السياسات المعادية للدين في العهد السوفييتي، لكنها أعيد نشرها بعد الاستقلال لتدخل مجال البحث العلمي. يكشف تحليل القصيدة عن عمق تأثير الإسلام في الأدب الكازاخ و عن الدور البارز للشعر الديني في تشكيل القيم الروحية للمجتمع.

ومن خلال هذه الدراسة يتضح أن «الأربعين فريضة» ليست مجرد قائمة بالأحكام الشرعية، بل هي أيضاً ظاهرة ثقافية وروحية تجمع بين العقيدة والشعر والتعليم.

الكلمات المفتاحية: أربعون فريضة، أركان الإيمان، الشعر الديني، الأدب الكازاخ، بالملاغمبيت بلقباي أولي، الوضوء، الغسل، التيمم، الصلاة، الصوم، الزكاة، الحج.

R. Mukhitdinov¹, B. Berdmurat¹

¹Egyptian University of Islamic culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

«THE CONCEPT OF FORTY OBLIGATORY DUTIES AND ITS MANIFESTATIONS IN THE RELIGIOUS WORLDVIEW OF THE KAZAKHS

Abstract:

The concept of «Forty Obligatory Acts» (Qyryq Paryz) represents a religious and epistemological framework that encompasses the fundamental duties and conditions of Islam as they developed in Central Asian countries, particularly among Kazakhs, Uzbeks, Kyrgyz, and Tatars. This notion became widespread within traditional Islamic educational practices, and memorizing it was often regarded as essential.

This article examines the concept of the «Forty Obligatory Acts» (*Qyryq Paryz*), which became widespread in the religious worldview of the Kazakh people and other Central Asian communities. The authors emphasize that this notion, rooted in classical Islamic jurisprudence, later evolved into a form of popular religious knowledge. It was taught in mosques and madrasas, transmitted through oral tradition, and even incorporated into poetry and folk literature as a mnemonic and didactic tool.

The central focus of the study is the poem «The Exposition of Forty Obligatory Acts» (*Qyryq Paryz Bayany*) by the poet Balmagambet Balqybaiuly, popularly known as «Sary Molla.» The poem systematically presents the structure of the forty religious obligations: the articles of faith, the five pillars of Islam, the obligatory elements of prayer, ablution, tayammum, ghusl, and regulations specific to women. Each section of the poem is analyzed with reference to Qur'anic verses, prophetic hadiths, and authoritative works of the Hanafi school of law.

The methodology employed combines several approaches: historical-comparative analysis, philological and theological interpretation, lexical-semantic study of key terms, and pedagogical evaluation. This interdisciplinary framework allows the researchers to highlight the poem's dual function-as both a concise religious manual and a piece of cultural and literary heritage.

The authors also note that Balmagambet's works remained largely unpublished during the Soviet period due to anti-religious policies. Only after Kazakhstan's independence were his writings republished and introduced into academic discourse. The analysis demonstrates the enduring impact of Islam on Kazakh literature and shows how religious poetry played a crucial role in shaping moral and spiritual consciousness.

In conclusion, the article reveals the significance of the «Forty Obligatory Acts» not merely as a list of legal duties but as a cultural-religious phenomenon that integrates Islamic doctrine, pedagogical function, and poetic expression. This study thus contributes to a deeper understanding of religious didactic traditions in Central Asia and the literary strategies used to transmit them.

Keywords: Forty, Obligation (Faridah), Articles of Faith, Religious Poetry, Kazakh Literature, Balmagambet Balkybayuly, Ablution (Wudu), Ghusl, Tayammum, Prayer (Salat), Fasting (Sawm), Zakat, Hajj.

Р. Мухитдинов¹, Б. Бердмурат¹

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
г. Алматы, Казахстан
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

ПОНЯТИЕ СОРОКА ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПРЕДПИСАНИЙ И ЕГО ПРОЯВЛЕНИЯ В РЕЛИГИОЗНОМ МИРОВОЗЗРЕНИИ КАЗАХОВ

Аннотация:

Понятие «Сорок обязательных предписаний» (*Кырык парыз*) представляет собой религиозно-познавательную систему, охватывающую основные обязанности и условия ислама, сформировавшуюся в странах Центральной Азии, особенно среди казахов, узбеков, киргизов и татар. Эта концепция получила широкое распространение в традициях религиозного просвещения, и знание её наизусть считалось важным элементом религиозной грамотности.

В статье рассматривается понятие «сорок обязательных предписаний» (*кырык парыз*), которое широко распространилось в религиозном мировоззрении казахов и других народов Центральной Азии. Авторы подчеркивают, что данная система, имеющая исламские корни, постепенно превратилась в важный элемент народного религиозного знания. Она служила инструментом передачи базовых догматов веры и религиозной практики широким слоям населения через простые тексты, поэзию и устное творчество.

Особое внимание уделено поэме Бальмагамбета Балкыбайулы «Кырык парыз баяны», которая стала объектом исламоведческого и филологического анализа. Автор, известный среди народа под именем «сары молда», в стихотворной форме излагает структуру сорока обязательных предписаний, включая основы вероубеждения, исламские обязанности, правила намаза, омовения, таяммума, гуся, а также вопросы, касающиеся женщин. Стихотворение рассматривается в контексте коранических аятов, хадисов и трудов ханафитской школы права.

Методология исследования включает историко-сравнительный анализ, филологическую и теологическую интерпретацию, лексико-семантический разбор ключевых терминов, а также педагогический аспект. Такой комплексный подход позволяет показать, что поэма Балкыбайулы является не только религиозным наставлением, но и частью культурного наследия, формирующего духовный облик общества.

Авторы отмечают, что творчество Бальмагамбета Балкыбайулы долгое время оставалось в тени из-за советской антирелигиозной политики. Лишь в независимый период его произведения были опубликованы и введены в научный оборот. Анализ поэмы свидетельствует о глубоком влиянии ислама на казахскую литературу и подтверждает важность религиозной поэзии для формирования духовных ценностей народа.

Таким образом, статья демонстрирует значимость «сорока предписаний» как феномена, соединяющего религиозную догматику, педагогическую функцию и литературно-художественную традицию.

Кіріспе.

Қырық парыз – тек қазақ халына ғана тән емес, Орта Азияны мекендеген барша түркі халықтарына тән ұғым. Алғашқыда маңызды діни парыздарды үйрету мақсатында пайда болған бұл ұғым уақыт өте келе діни шығармалармен қатар ақындардың өлең жолдарына да арқау болып, халықтың діни дүниетанымында, дінінің тілдік бейнесінде терең орын алды. Мысалы, Қабан жырау деген атпен танымал Қабылиса жырау мен Таутан қыздың арасындағы жұмбақ айтыста Таутан қыз: « – Бар екен бір ағашта қырық жаңғақ» деп жұмбақ жасырады. Ал Қабылиса жырау оның жауабы ретінде: « – Қырық жаңғақ дегенің қырық парыз, Мойныңа оқымасан болар қарыз...» деп жауап береді [1, 81-82 бб]. Қырық парыз ұғымы Орынбай Бертағыұлы ақынның да шығармаларында кездеседі. Ол: «Білмесең, қырық парыз үйретейін, Көрмесең, ислам дінін көрсетейін...», – деп жырлайды [2, 115 б.]. Жоғарыдағы мысалдар ақындар мен жыраулардың шығармаларында кездесетін «қырық парыз» тіркесіне келтірілген бір-екі мысал ғана. Сонымен қатар қазақ ақындарының арасында қырық парызға арнап арнайы өлең жазған ақындар да кездеседі. Солардың бірі – Балмағамбет Балқыбайұлы. Осы мақаламызда аталмыш ақынның «Қырық парыз баяны» атты өлеңіне исламтанулық, филологиялық талдау жасай отыра қазақ халқының діни дүниетанымдағы бұл ұғымның орнын анықтаймыз.

Алдымен ел арасында «Сары молда» атанған, алайда көпшілік

оқырманға танымал болмағандықтан Балмағамбет Балқыбайұлының өмірбаяны мен шығармаларына қысқаша тоқтала кеткен жөн. Балмағамбет Балқыбайұлы 1891-1967 жылдар аралығында Ұлытау өңірінде өмір сүрген. Халық арасында «сары молда» аталып кеткен. Филология ғылымдарының кандидаты Б.С.Қорғанбеков Балмағамбет Балқыбайұлының шығармашылығы жайында жазған мақаласында «Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны болуы тиіс қаламгер Балмағамбет Балқыбайұлының туындылары оқырман қауымға бүгінгі күні ғана танымал болып отыр», – деп [3] Балқыбайұлының әдеби мұрасының маңыздылығын атап өтеді. Алайда тоталитарлық жүйенің кесірінен оның шығармалары жарыққа шықпады. Себебі Балқыбайұлының шығармалары діни сарында өрбіген. Б.С.Қорғанбеков бұл мәселені келесідегідей ашықтай түскен: «Ақын шығармашылығының өз халқымен кешірек табысуының сыры тереңде. Оны түбегейлі тарқатып айтсақ, желісі ұзақ әңгімеге түсіп, негізгі тақырыптан ауытқып кеткен болар едік. Сол себепті, қысқа қайырып жеткізер болсақ, бұл кешігудің ақын шығармаларының Қожа Ахмед Ясауимен, сопылық іліммен байланысты болуынан екенін алдыңғы кезекте айту керек. Неге десек, ислам мәдениетінің қоғамды алға сүйрейтін ілгерішіл, адам мен қоғам бірлігін қамтамасыз ететін адамсүйгіштік құндылықтары тұтас ұлттарды отарлауды көздеген патшалы Ресей мен ұлт болмысын жоюды мақсат еткен Кеңес өкіметінің саясатымен

мүлдем қабыспайтын еді. Қабыспау өз алдына, бұл саясатқа ислами құндылықтар үлкен тосқауыл болды. Сондықтан XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына қатысты басқыншылық, отаршылдық саясат ұстанған көршілес мемлекеттердің барлығы ең алдымен Қожа Ахмет Ясауи жолын ұстанған ғұламаларды қуғындауды қолға алды. Олардың кейбіреуі өздерін ислам дінін тұтынушы мемлекет санағанымен, жоғарыда айтылған себепке байланысты, Ясауи жолына жау болды» [3].

Балқыбайұлының шығармаларындағы поэзия стилінде жазған өлеңдері қазақ әдебиеті мен исламды үндестіріп, діни құндылықтарды насихаттаған. Ақынның шығармаларын белгілі журналист Құсыман Игісін баспаға дайындап, 1997 жылы «Тандем» баспасынан жарыққа шығарған. Кейін 2005 жылы «Алаш мұрасы» сериясы қатарында «Арыс» баспасынан екі томдық жинақ жарық көрген. Бірақ, бұл жинақтар аз тиражбен тарап, көпшілікке жете қойған жоқ. Ақынның шығармаларының бірі «Қырық парыз баяны» ислам дінінің сенім, құлшылық және моральдық құндылықтарын қамтыған. Ақын өлең жолдарында соның барлығын білу керектігін баяндаған. Біз ақынның өлең жолдарын ұсына отырып, оны теологиялық тұлғасынан талдаймыз.

Зерттеу нысаны. Б.Балқыбайұлының «Қырық парыз баяны» өлеңі – негізінде қазақ халқының діни дүниетанымындағы «қырық парыз» ұғымын айқындайтын шығарма.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы.

Мақалада келесідей ғылыми зерттеу әдістері қолданылды: «Қырық парыз» ұғымы қазаққа ғана емес, жалпы Орта Азия халықтарына тән екендігін, Қабан жырау мен Таутан қыздың жұмбақ айтысында және Орынбай Бертағыұлының өлеңінде қолданылғанын салыстыра талдау арқылы тарихи сабақтастықты көрсету үшін тарихи-салыстырмалы әдіс; Б.Балқыбайұлының «Қырық парыз баяны» өлеңінде айтылған әрбір парызды талдауда, мәтінін ислам ілімдері тұрғысынан түсіндіруде, қате жазылған кейбір сөздердің дұрыс нұсқасын көрсетуде діни-филологиялық, яғни теологиялық әдіс; «Мүмин», «таһарат», «тәйәммум», «хаиз/әйиз» сияқты терминдердің шығу тегі мен мағынасын түсіндіруде лексика-семантикалық талдау әдісі; Өлең жолдары Құран, хадис және классикалық ханафи фикһ еңбектерімен салыстырылып дәлелденген тұстарда салыстырмалы мәтіндік-деректік әдіс қолданылды.

Негізгі бөлім.

Ислам шариғатында парыз ұғымы – міндетті түрде атқарылуы тиіс істі білдіреді. Оны тәрк ету – үлкен күнә, тіпті мойындамаса күпірлік үкімі берілетін ауыр қылмыс. Ислам фикһ негіздері бойынша айтар болсақ, парыз дегеніміз – қатғи (кесімді) дәлелдермен бекітілген, орындалуы қатаң түрде талап етілетін міндет [4, 35 б.]. Парыз – күмәнсіз қатғи дәлелмен бекітілген. Мысалы, Құран Кәрімде бекітілген ислам парыздары және мутауатир сүннетте немесе

мәшһүр сүннетте бекітілген намазда Құран оқу [8, 54 б.]. Осы анықтама «Ислам ғылымхалы» кітабында: парыз – анық, бұлтартпас дәлелдермен әмір етілген діни іс-әрекеттер мен міндеттер, – деп түсіндірілген [5, 40 б.]. Қай заманда да мұсылман үмбеті парыздың маңыздылығын аса жауапкершілікпен ұғынған және бұлжытпай орындауға тырысқан. Қазақ даласында да парызды Құдай алдындағы борышым деп қабылдап, үлкен көңіл бөлген. «Парыз» сөзінің қазақ қоғамындағы үлкен мағынаға ие екенін «Отан алдындағы парыз», «азаматтық парыз», «парызын өтеу», «парыз санау», «парыз қылу» деген сияқты көптеген сөз тіркестері қалыптасқанынан да аңғаруға болады. Б.Балқыбайұлының «Қырық парыз баяны» өлеңінде қырық парыз төмендегіше бөлінген:

Иман шарттары – 7;

Ислам парыздары – 5;

Намаздың парыздары – 12;

Дәреттің парыздары – 4;

Тәйәммумның парыздары – 4;

Ғұсылдың парыздары – 3;

Әйел адамға қатысты парыздар – 2;

Жақсылыққа шақыру және жамандықтан қайтару – 2;

Білім алу – 1;

Балмағамбет Балқыбайұлының өлеңінде осы құрылым нақты көрсетілген. Ендігі кезекте мақаламызға арқау болған ақынның «Қырық парыз баяны» деген өлеңін толық ұсынып, кейін тарқатып талдайтын боламыз.

ҚЫРЫҚ ПАРЫЗ БАЯНЫ

*Етемін бауырларым сіздерге арыз,
Үйрету – ғалымдарға үлкен парыз.*

*«Мойнында парыз нешеу» деп сұраса,
Мұминнің мойынында – қырық парыз.
Жетеуі – иман, бесеуі ісламда-дүр,
Намазда он екісі талас жоқ-дүр.
Төртеуі – таһаратта, төртеуі – тәиям,
Мұны білмей, тірлікте болма мағрұр.
Үші – ғұсыл, екеуі – әзіз нағас,
Қапы қалма қазірде басымда деп.
Кеттім деуің үлкейіп, үзір емес,
Баста қалмас, үйренбей еткен ықылас.
Талап қылмақ ғылымды әйел, ерге,
Парыз болды, кіргенше басың жерге.
Әмір Мағрұқ екеуі Наһи-Мұңқір
Білмегенін білдіру мұминдерге.
Санын білсең осындай сапасына,
Сұм дүниенің сабыр қыл жапасына.
Бозторғайдай шырылдап, ұһса жаның,
Қайта қонбас, қайрылып қапасына [6,
192-193 бб.].*

Ақын бұл өлеңінде «қырық парыздың» нақты сандық құрылымын берген және маңыздылығын білдіріп, оны жатқа білу керектігін баяндайды. Өлең сөздерін төте жазудан кирилл қарпіне көшірген кезде кейбір сөздерде қателер кеткен сияқты, ол сөздерді өз кезегінде ескертетін боламыз немесе ақынның төл жазуында солай жазылған болуы мүмкін. Ақынның өз қолымен жазған қол жазбасына қол жеткізе алмағандықтан бұл мәселенің себебін нақты айта алмаймыз. Ақын халық арасында «Сары молда» деп танылғанымен, өзі шахтада жұмыс істеп қарапайым ғұмыр кешкені айтылады [3]. Ақынның шығармалары қарапайым халыққа қара өлең арқылы Ислам құндылықтарын насихаттап, игілікке, жақсылыққа үндейді. Сонымен қатар ақын діни сауатын сол замандағы молдалардан алып, араб,

парсы, шағатай тілдерінде жазылған еңбектерден түйгенін саралап, қалам тербеткен. Өлең жолдарының басында:

*Етемін бауырларым сіздерге арыз,
Үйрету – ғалымдарға үлкен парыз.
«Мойнында парыз нешеу» деп сұраса,
Мүминнің мойнында – қырық парыз.*

Ақын бұл өлең жолдарында Құран аятындағы «*Расында, мүміндер – бауырлас*» деген аятқа сай, барша мүмінге бауырларым деп үндеу тастады. Сонымен қатар Алла елшісінің (с.а.с.) де хадисінде «*Мүмін – мүминнің бауыры*» деп иман келтірген барлық мұсылман атаулы жандар бір-біріне бауырлас екенін баяндаған хадиспен де үндеседі. Ақынның білім үйрету мен үйренудің маңыздылығы туралы сөзі аят-хадистерде анық баяндалған. Хадистердің бірінде «*Дүние лағынеттелген, оның ішіндегілері де лағынеттелген. Бірақ Алланы зікір ету және соның төңірегіндегі нәрселер, ғалым мен білім алушы лағынетке кірмейді*» [7] деп білім жолы лағынетке ұшыратпайтынын ашық айтылған. Ақын «*мойнында парыз нешеу деп сұраса, мүминнің мойнында қырық парыз*» деген сөзінде қарапайым халыққа мүмінге жүктелген парыздың барын білдірген. Бұл парыз кез келген адамға жүктеле бермейді. Оның өзіндік шарттары бар. Парыз мойнына жүктелген адамды шариятта «мукәлләф» деп атайды. Яғни мойнына парыз жауапкершілігі жүктелген адам мукәлләф атану үшін мұсылман, балиғат жасына жеткен, ақыл есі дұрыс адам

болу керек [8, 47 б.]. Бұл жалпы ортақ шарттар, кейін әр парызда қосымша шарттар қосылады. Мысалы, зекет беру парыз болу үшін жоғарыда айтылған шарттарға қосымша мал-мүлкі нисап мөлшеріне жету керек, қарызы болмауы тиіс деген шарттар қосылады [9, 307 б.]. «Мүмин» сөзіне келер болсақ, «әминә» сену, *сенімді болу, қауіпсіз болу* [10, 34 б.] деген мағынадағы сөзден туындаған «иман келтіруші, иманды» деген мағынаны білдіреді. Тілдік тұрғыдан алғанда «бір адамның сөзін растау, айтқанын қабылдау, айтқанына шын жүректен сену» деген мағынаға саяды [11, 76 б.]. Яғни мүмін – иман шарттарына кәміл сенетін адам. Қысқаша айтқанда мүмин – иманды жан. Ақын:

*Жетеуі – иман, бесеуі ісләмда-дүр,
Намазда он екісі талас жоқ-дүр.*

Бұл өлең жолдарында ақын иман, ислам және намаз парыздың парыздық қырларын атап өтіп, олардың діни-танымдық маңызын айқындайды. Бұл жерде имансыз мұсылман болуы мүмкін еместігі, сондай-ақ ислам шарттарын білмеген жағдайда оның толық орындалмайтындығы көрсетіледі. Намаздың парыздарын білмей оны дұрыс орындау да мүмкін емес екендігі баса назарға алынады.

Иман шарттары, яғни мұсылман сенімінің негізін құрайтын иман етуге міндетті қағидалар, төмендегідей болып жүйеленеді. Қазақша жалпақ тілде түсіндірер болсақ иман дегеніміз – сенім, жүрекпен сеніп, тілімен айту [12, 66 б.]. Яғни «Лә иләһә иллаллаһ, Мухаммадур расулуллаһ» деп

кәлімәны тілімен айтып, жүрегімен илану. Ал иманның жеті шартына келер болсақ, Орта Азия елдерінде оны көбіне жатқа айтқызған. Арабша *әмәнту* деп басталатын иман шарттары дүни-сауат ашу кітаптарынан көруге болады. Мысалы, ақынның заманында елімізде көп оқытылған әліпбилердің бірі «Муғалім сәни» кітабында араб әліпбиін үйреніп болғаннан кейін, иман шарттары үйретілген. Бұл барлық медресе, мешіттерде үйретілетін жүйе еді. Мысалы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлы «әмәнту оқымаған кісі бар ма? уа кутубиһи дегенмен ісі бар ма?» [13, 272 б.] деп иман шарттарын меңзеген. Бұл иман шарттарын арабша ұсынып кейін қысқаша тарқататын боламыз.

Иман шарттары (яғни иман келтіру міндетті болған имандағы парыздар): «Әмәнту билләһи, уа мәләикәтиһи, уа кутубиһи, уа русулиһи, уал-изумил-әхири, уа бил-қадари хайриһи уа шарриһи мин Аллаһи Тағала, уал-бағси бағдәл-мәути» [14, 45 б.]. Мағынасына келер болсақ, «Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, ақырет күніне, жақсылық пен жамандығына қоса тағдырға және қайта тірілуге иман келтірдім». Бұл иман шарттары *иман муфассал* деп те аталады. Иманның парыздары Құран аяттарының мазмұнында, хадистерде келген. Бақара сүресінде: «*Елші өзіне Раббысынан түсірілгенге иман келтірді, әрі маңайындағы мүміндер де иман келтірді. Олардың әрқайсысы Аллаға, періштелеріне, кітаптарына және пайғамбарларына толық иман келтіріп: «біз елшілерінің ешбірін бөліп-жармаймыз»—деді*» [15, Бақара:

285.]. Тағы бір аятта: «*Сондай-ақ олар саған түскен Құранға және өзіңнен бұрын түскен (иләһи Кітаптар мен парақтарға да) иман келтіреді. Ақыретке де кәміл сенеді*», – деген [15, Бақара: 4.]. Тағдырға қатысты: «*Шүбәсіз, Біз барлық нәрсені белгілі бір өлшеммен жараттық*», – деп баяндаған [15, Қамар: 49.]. Ал қайта тірілуге қатысты: «*Жаратылыс атаулыны жоқтан жарататын да бір Өзі. Ол үшін қайта жарату оп-оңай*», – деп ескерткен [15, Рум: 27.]. Ал хадисте «*Иман – Аллаға, періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне, ақырет күніне сенуің, және жақсылығы мен жамандығын қоса отырып тағдырға да сенуің*», – деп түсіндірген [16, 11 б.].

Ақынның иманның жеті парыз бар деп есептеуі оның мәтуриди сенім мектебін ұстанатындығын көрсетеді. Өйткені иманды жетіге бөлу мәтуридидилердің әдісі саналады.

Ислам парыздарына келер болсақ, ол – бес парыз: иман келтіру, намаз оқу, зекет беру, рамазан айында ораза ұстау және шамасы келсе, қажылыққа бару. Осы бес парыз Құранда бір жерде топтастырылып айтылмағанымен, әр жерде баяндалған. Бірінші иман келтіру, яғни Алладан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед – Алланың елшісі әрі құлы деп куәлік келтіру ләзім. Ислам дініндегі бірінші парыз – таухид сенімі, яғни Алланың жалғыз әрі мәңгі екендігін мойындау. Бұл қағида Құранда: «Алла – Одан басқа тәңір жоқ, ол тірі һәм мәңгі тұрушы» [15, Бақара: 255.] деген аятта айқын баяндалған. Сонымен қатар пайғамбарлыққа иман да – басты сенім негіздерінің бірі. Құранда: «Мұхаммед – Алланың ел-

шісі» [15, Фатх: 29] деп нақты көрсетілген. Демек, ислам сенімінің түпқазығы – Алланың жалғыздығына иман келтіру және Мұхаммедті (с.а.с.) Оның соңғы елшісі деп мойындау. Ғылыми тұрғыдан алғанда Аллаға сеніп, бірақ пайғамбарлықты қабылдамау толыққанды иман ретінде қарастырылмайды.

Екінші парызға келер болсақ, бес уақыт намаз оқу – әрбір ақыл есі дұрыс, балиғат жасына жеткен мұсылманға міндет. Ислам ғылымхалы кітабында: «шариғатта намаз – тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше қимыл-қозғалыстар мен сөздерден тұратын ғажайып ғибадат», – делінген [5, 95 б.]. Намаз оқудың парыздығы Құранда былай баяндалған: «*Намаз оқыңдар, зекет беріңдер және руқұ жасаушылармен бірге руқұ жасаңдар*» [15, Бақара: 43.]. Намаз оқуды бұйыратын аяттар Құранда өте көп келген.

Үшінші парыз – зекет. Зекет дегеніміз – Ислам шариғатында белгіленген мал-мүлік түрінен, белгілі бөлігін арнайы адамдардың иелігіне беру. Шариғатта белгілі бір мал-мүлік түрінен ғана зекет талап етіледі. Мысалы, қой-ешкі, сиыр, түйе, алтын-күміс, сауда тауарлары және егін алқабынан зекет беру талап етілген. Бұл мал-мүліктерден зекет шығару үшін арнайы шарттары бар. Әрі шариғат белгілеген мөлшерді ғана беру – міндет. Сонымен қатар Құранда баяндалған адамдарға ғана зекет алу құқығы берілген. Құранда отыз екі жерде «*намаз оқыңдар және зекет беріңдер*» деп зекет намазбен бірге бұйырылған [9, 303 б.].

Төртінші парыз – рамазан айында ораза ұстау. Ораза – таң атқаннан бастап күн батқанға дейін ішіп-жеу мен жыныстық қатынастан тыйылу [17, 189 б.]. Оразаның парыздығы туралы: «*Уа, Иман келтіргендер! Сендерден бұрыңғыларға ораза парыз етілгендей сендерге де парыз болды, әрине тақуалыққа жетерсіңдер*», – десе [15, Бақара: 183.], келесі аятта: «*Кім (рамазан) айын көрсе ораза ұстасын*», – деп [15, Бақара: 185.] бұйырған.

Бесінші парызға келер болсақ, ол – қажылық жасау. Қажылық – шамасы келген мұсылман адамның өмірінде бір мәрте болса да Қағбаға барып тауап жасап, қажылық рәсімдерін атқаруы. Құранда «*Шамасы келсе Алла үшін (Қағба) үйіне қажылық жасау адамдарға міндет*», – деп [15, Әл Имран: 97.] қажылықтың парыздығын білдірген. Осы бес парыз пайғамбар сүннетінде жинақталып бірге айтылған. Хадисте «*Ислам бес нәрсеге негізделген: Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Оның құлы және елшісі екеніне куәлік келтіру, намаз оқу, зекет беру, ораза ұстау және кімнің шамасы келсе (Қағба) үйіне қажылық жасау*», – деген [18, 230 б.].

Ақын: «*намазда он екісі талас жоқ-дұр*» деген сөзінде намаздың он екі парызын тілге тиек етті. Оның алтауы сыртқы парыздары болса, алтауы – ішкі парыздар. Ханафи фикһында намаздың сыртқы парыздарын «намаздың шарттары» деп атаса, ал ішкі парыздары «рүкіндері» деп аталады. Намаздың сыртқы парыздары, яғни дұрыс болу шарттары алтау: намаз уақытының кіруі, дәретті болу,

дененің, киімнің және намаз оқитын орынның таза болуы, әуретті бүркеу, құбылаға бағытталу және ниет. Ал ішкі парыздарына келер болсақ, олар да алтау: тахрим тәкбірі, қиям, қирағат, рукуғ, сәжде, соңғы отырыс. Намаздың сыртқы және ішкі парыздары классикалық фикһ кітаптарында анық айтылған. Мысалы, Орта Азия елдерінде кең тараған еңбектердің бірі – «Мухтасар әл-уикая» кітабы. Бұл туынды – араб тілінде жазылған ықшамдалған фикһ еңбегі. Намаздың сыртқы парыздары туралы былай делінеді: «Намаздың шарттары: намаз оқушының дәретсіздіктен, нәжістен, киімі мен мекені таза болуы, әуретінің жабық болуы, құбылаға бет бұруы және ниет жасау». Ал намаздың ішкі парыздары туралы: «намаздың парызы: тахрим тәкбірі, қиям, парыздың әр екі ракағатында және үтір мен нәпілдің барлық рағаттарында аят оқу... рукуғ, маңдай мен мұрынды тигізіп сәжде жасау – пәтуа осылай беріледі – ташаһһуд көлеміндей соңғы отырыс жасау және өз әрекетімен намаздан шығу» [19, 111-120 бб.]. Бұл мәтінде біз жоғарыда айтқан ішкі парыздар анық көрсетілген. Бұл да ақынның намаздың парыздарын ханафи мәзһабы негізінде баяндағанын көрсетеді.

Ақын:

*Төртеуі – таһаратта, төртеуі – тәиям,
 Мұны білмей, тірлікте болма мағрұр.
 Үшi – ғұсыл, екеуі – әзiз нағас,
 Қапы қалма қазірде басымда –*

деп жырлайды.

Бұл жерде жалпы тазалыққа қатысты мәселелер қамтылған. Яғни

дәрет, тәйаммум, ғұсыл және хайз, нифасқа қатысты парыздарды білдірген. Соның ішінде дәретке қатысты төрт парызды баяндаған. Қарап отырсақ, ақын дәретті «таһарат» деп арабша терминмен қолданған. «Таһарат» сөзі қазақ тілінде бұрыннан қолданыста болған. Ол діни шығармаларда, жырларда және тарихи әдебиеттерде кездеседі. «Таһарат» сөзі тазалық деген мағынаны білдіреді. Ал қазақ тілінде дәрет алу ұғымында кең қолданылған. Дәреттің төрт парызы ханафи мәзһабының пікірі бойынша берілген. Ханафи фикһ кітаптарында бұл төрт парыз анық айтылған. Мысалы, «Мухтасар әл-уикая» кітабында: «дәреттің парызы: шаштан бастап екі құлаққа дейін қамтып иектің астына дейін бетті жуу, екі қолын және екі аяғын шынтақтары мен екі тобығын қосып жуу, және бастың үштен бірін (сулы қолмен) сипау», – деп [19, 19 б.] түсіндірілген. Құранда: «*Уа, Мүміндер! Намазға тұрар алдында беттеріңді жуыңдар, қолдарыңды шынтаққа дейін жуыңдар, бастарыңа мәсіх тартыңдар және аяқтарыңды тобыққа дейін (жуыңдар)*», – деп [15, Мәйдә: 6.] дәреттің парыздарын анық көрсеткен. Ал тәйаммумге келер болсақ, сумен дәрет алу мүмкіндігі болмаған кезде, жер жынысы арқылы алынатын дәреттің түрі. Фикһ кітаптарында «Тәйаммум дегеніміз – дәретсіздікті кетіру үшін судың орнына таза жер қыртысы арқылы тазаруға ниеттену», – деген анықтама берілген. Себебі «тәйаммум» сөзінің тілдік мағынасы ниеттену, мақсат ету дегенді білдіреді. Ақын тәйаммумның

төрт парызы бар екенін айтты, олар: ниет; таза жер қыртысы; бетті сипау және қолды шынтақпен қоса сипау. Фикһ кітаптарында бет пен қолды сипау тәйаммумнің рүкні деп келсе, ниет пен таза жер қыртысы шарты делінген, рүкін мен шартты орындау міндет болғандықтан, қазақ тілінде көбіне жалпы парыз ұғымымен түсіндіріледі. Алайда тәйаммумнің шарттары осы екі шартпен шектелмейді. Орта Азияда кең оқылған еңбектердің бірі «Нур әл-идах» кітабында жалпы сегіз шарт айтылған [20, 98 б.]. Құранда тәйаммум жайында: *«Таза жер қыртысына тәйаммум алыңдар да беттеріңе және қолдарыңа мәсх тартыңдар»*, – деп [15, Мәида: 6.] тәйаммумды қалай алу керекті түсіндірген.

Ақын *«мұны білмей, тірлікте болма мағрұр»* деп нағыз білім мен шындықты танып алмай, бұл өмірде мақтаншақ, тәкаппар, өзінше болма деп ескерту жасаған. Содан соң *«үшеуі ғұсыл, екеуі әизі нафас, қаты қалма қазірде басымда деп»*, – ғұсылдың үш парызы бар екенін айтты. Ғұсыл дегеніміз – бойдәретсіздікті кетіру үшін бүкіл дененің тазартушы су құйылып жуылуы [21, 126 б.]. Ғұсыл жайында Құранда: *«Егер жүніп болсаңдар, толық тазарыңдар»*, – деп [15, Мәида: 6.] айтылған. Ғұсылдың үш парызына келер болсақ, олар – ауызды шаю, мұрынды шаю және бүкіл денені жуу. «Мухтасар әл-уикая» кітабында *«ғұсылдың парызы: ауызын шаю, мұрынды шаю және бүкіл денесін жуу»*, – деп келген [19, 35 б.].

Ақынның: *«екеуі әизі нафас»* деген сөзіне келер болсақ, «әизі» сөзі

араб тіліндегі хайз сөзін білдіреді. Араб тіліндегі жұмсақ الحاء «хә» әрібі қазақ тілінде әртүрлі игерілген. Мысалы, حركة харакет/әрекет; حوض хауыз/әуіз; حافظ хафыз/абыз حال қал/хал (жағдай); حاج қажы/әжі және хайыз/әиіз. «Нафас» сөзі негізі нифас деп жазылады. Бұл ақынның төтеше жазған мәтінін кирил қарпіне көшіру барысында кеткен қателік болуы мүмкін. Бұл екі мәселе – әйел адамның табиғатына байланысты құбылыстар. Хайз дегеніміз – ай сайын қайталанып тұратын қан. Ханафи мәзһабында оның ең аз уақыты үш күн болса, ең көп уақыты он күн [5, 68 б.]. Хайз уақытында әйел адам бойдәретсіз күйде деп есептелетіндіктен, хайз тоқтаған соң ғұсыл құйынып тазаруы міндет. Ал нифас дегеніміз – босанғаннан кейін келетін қырық күндік қан. Оның ең көп уақыты қырық күн [5, 69 б.]. Қан тоқтаған соң әйел адамға ғұсыл құйынып тазалануы да парыз болады. Міне осы екі халден тазаруға қатысты екі парыз деп есептеліп тұр. Әйел кісілер үшін бұл мәселелерді білу маңызды. Өйткені қыз баланың балиғатқа толуы, дәрет, ғұсыл, намаз, Құран оқу, ораза ұстау, мешітке кіру, қажылық, төсек қатынасы, талақ, ғидда деген сияқты мәселелерді орындау не уақытша орындамай тұра тұру аталмыш екі жағдайларға тәуелді [21, 144 б.]. «Мухтасар әл-уикая» кітабында «хайз – намаз оқудан, оразадан тоқтатады, намаздың қазасы өтелмейді, оразаның қазасы өтеледі. Мешітке кіруден, тауап жасаудан, изар астындағыдан ләзәт алудан бөгейді...», – деп келген [19, 71 б.]. Фикһ кітаптарында осы халде-

гі әйел адамның мәселелері кеңінен баяндалған.

Ақын:

*Талап қылмақ ғылымды әйел, ерге,
Парыз болды, кіргенше басың жерге.
Әмір Мағрұқ екеуі Наһи-Мұңкір
Білмегенін білдіру мүминдерге.
Санын білсең осындай сапасына,
Сұм дүниенің сабыр қыл жапасына.*

Бұл өлең жолдарында ақын бір-қатар парыздарды ескертумен қатар білім алудың парызлығын еске салуда. Білім алу жайында Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «*Білім талап ету – әрбір мұсылманға парыз*», – деп бұйырған. Ислам шариғаты мұсылман үмбетінің жан-жақты білімді болуын талап етеді. Тіпті білім жолына түскен адам үшін бүкіл жаратылыс жарылқау тілейтінін айтқан. Ақынның «әмір мағрұқ екеуі наһи-мұңкір» – деген өлең жолына келер болсақ, бұл жерде де «мағруф» сөзі «мағрұқ» деп қате жазылса, «мункәр» сөзі де «мұңкір» деп қате берілген. Бұл та төте жазудан көшіру барысында кеткен техникалық қателік болуы мүмкін. Әмір мағруф дегеніміз – жақсылыққа бұйыру, ал нәһи-мункәр – жамандықтан тыю. Яғни осы екі парыз – әрбір мұсылманға міндет. Қасиетті Құранда: «*(Уа, мүминдер!) Араларыңда ізгілікке шақырып, жақсылықты бұйыратын һәм жамандықтан тыятын бір қауым болсын. Міне солар – (екі дүниеде де) азаптан құтылып, мақсат-мұратына жеткендер*», – деп бұйырады [15, Әл Имран: 104.]. Бұл – қоршаған ортаға жанашырлық сезімін ұялатып,

қоғам ішінде жақсылықтың артуына үлес қосуға үндеу. Міне ақынның өлеңдерінде қырық парыз осы жерге дейін толық баяндалған. Кейін ақын:

*Санын білсең, осындай сапасына,
Сұм дүниенің сабыр қыл жапасына.
Бозторғайдай шырылдап, ұшса жаның,
Қайта қонбас, қайрылып қапасына, –*

деп өлеңін аяқтайды.

Аталған өлең жолдарында ақын адам өмірінің өткіншілігіне назар аударып, мұсылмандық дүниетанымдағы сабыр ұстанымын дәріптейді. Мұнда ислам іліміндегі ақыретке иман, дүние-мүліктік құндылықтарға шектен тыс берілмеу және адам бойындағы сабырлық қасиетті сақтау сияқты маңызды қағидалар поэтикалық тұрғыда бейнеленген.

Қорытынды.

Ислам шариғатында парыз ұғымының маңыздылығы өте жоғары болғандықтан, әрбір мұсылман оған үлкен жауапкершілікпен қараған. Балмағамбет Балқыбайұлы да осы маңыздылыққа назар аударып, арнайы өлең жолдарын арнап, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Бұл өлең жолдары арқылы халыққа негізгі діни білімді жеткізуді мақсат тұтып, діни мағлұматқа қызығушылықты оятады. Сонымен қатар діни сауат ашуға үндеу тастап, иман мен амалдың арақатынасын түсіндіреді. Ақын фикһ пен ақида негіздерін дәстүрлі ханафи мәзһабы негізінде жырлаған. Ақынның өлең жолдары халық арасында кең тараған «қырық парыз» ұғымын поэзия стилінде

жүйелі түрде түсіндіріп, Құран, хадис, фикһ ілімдеріне сүйенгенін байқаймыз. Ақынның бұл өлең жолдары исламтанулық, педагогикалық, филологиялық және әдеби тұрғыдан өте маңызды. Жалпы алғанда, Балмағамбет Балқыбайұлының «Қырық парыз баяны» – ислам негіздерін насихаттаған, халықтың діни санасын қалыптастыруда айрықша рөл атқарған көркем діни шығармалардың бірі. Бұл өлең исламтану ғылымы тұрғысынан практикалық фикһ, ақида, ахлақ салаларын қамтиды және діни-ағартушылық әдебиет дәстүрінің көрнекті үлгісі болып саналады. Халықтың діни дүниетанымын зерттеуде ақындар мен жазушылардың шығармаларында келген, халықтың санасынан берік орын алған

ұғымдарды, тіркестерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерге мән беру маңызды.

Қазіргі кезде Орта Азия аймағындағы орта ғасырлардан бері діни білім беру жүйесі мен діни құндылықтарды зерттеп жүрген ғалымдар баршылық. Мысалы: Қазақ ақындарының өлеңдеріндегі діни-дидактикалық және сопылық мотивтерді талдаған С.Құсанов [22]; Қазақ қоғамындағы ислам жоғары білімінің мәдени сәйкестік қалыптастырудағы ролі; діни-білім беру институттары мен мәдени дәстүрлердің арақатынасын зерттеген А.Мустафаева [23]. Бұл аталған және басқа да зерттеулер ислам дінінің орта ғасырларда-ақ түркі, оның ішінде қазақ халқының діни таңымына терең сіңгендігін көрсетеді.

Алғыс

Бұл мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «BR28713129 Қазақстанға ислам дінінің енуін және таралуын археологиялық және жазба деректер негізінде зерттеу» атты ғылыми жоба аясында дайындалды.

Әдебиеттер

1. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 139 б.
2. Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Құраст. М. Жолдасбеков, Р.Әлмұханова. Астана, «Күлтегін» баспасы. Айтыс. Т. I. (Кеңестік кезеңге дейінгі айтыс). – 2014. – 400 б.
3. Қорғанбеков Б.С. Балмағамбет Балқыбайұлының шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық //Түркология журналы, № 6. – 2012. – 42 – 64 б.
4. Әл-Мужаз фи усул әл-фикһ, – Станбул: «Әл-Мәктаба әл-Һәшмия», 2021. – 350 б.
5. Ислам ғылымхалы, Астана: «Издательство АСТ Полиграф» ЖШС, 2011. – 520 б.
6. Балқыбайұлы Б. Хадис–назым. құраст. Қ. Игісін. Т. 1. – Алматы: Алаш, 2005. – 287 бет.
7. Сунән Тирмизи №2322
8. Усул әлфикһ әл-исләми, Уаһбату әз-Зухайли. 1-том. Дамаск, – 2011. – 680 б.
9. Әл-Муфассал фи әл-фикһи әл-ханафи, Әл-ғибадат. Дамаск: Дәр әл-фикр, 2012. – 438 б.

10. Арабша-қазақша сөздік, – Алматы: «Нұр-Мүбәрак» баспасы, 2016. – 918 б.
11. Ислам ақидасы, – Алматы: «Самға» баспасы, 2018. – 319 б.
12. Иман негіздері, – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 376 б.
13. Он ғасыр жырлайды. (екінші басылым), Алматы, 2023. – 416 б.
14. Мұғалім сәни, Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2010. – 54 б.
15. Құран Кәрім қазақша түсіндірмелі аударма./ Ауд.: А. Әкімханов, Н. Анарбаев. Алматы – Дәуір, 2021. – 624 – б.
16. Имам Науауи жинақтаған қырық хадис./ Ауд.: Бекболат Бердімұратұлы. – Алматы: «Муфтият» баспасы, 2021. 64 б.
17. Әл-Фикһу әл-ханафи әл-муйәссәр, Бейрут: Дәру ибн Касир, 2002. – 275 б.
18. Сахих Муслим бишархи ән-Науауи, – Бейрут: «Дәру әл-кутуби «әл-илмия», 18-том.
19. Мухтасар әл-уикайһ маға шархиһи ихтисару ар-риуая, 1-том. Бейрут: Дәру әл-кутуб әл-илмия, 2005. – 471 б.
20. Марақи әл-фалах шарх мәтни нури әл-идах, Дамаск: Мактаба дәр әл-даққак, 2018. – 668 б.
21. Ислам ғибадаты, 1-том. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». – 2013. – 560 б.
22. Kusanov, S. Oriental style in the works of Kazakh poets (2nd half of 19th – early 20th c.). Theoretical and Applied Linguistics/Philology (ЕҰУ журналы, Scopus сериясы), 2023.
23. Mustafayeva, A. Islamic Higher Education as a Part of Kazakhs' Cultural Identity. Journal of Ethnic and Cultural Studies (JECS), 2023, 10(3):103–127.

References

1. Tursynov, E. Qazaq auyz ádebietin jasaushylarǵań baıyrǵy ókilderi (Ancient Representatives of Kazakh Oral Literature). – Almaty: Gylım, 1974. – 139 p.
2. Qazaq óneriniń antologiasy. 25 vols. Comp. M. Zholdasbekov, R. Almuqanova. Aıtys. Vol. I. (Pre-Soviet Period) (Anthology of Kazakh Art. Vol. I. Aıtys before the Soviet Period). – Astana: Kulıtegin, 2014. – 400 p.
3. Qorganbekov, B.S. Balmagambet Balkybaulynyń shyǵarmashylyǵyndaǵy dástúr men janaşyldyq (Tradition and Innovation in the Works of Balmagambet Balkybayuly) // Turkologiya Journal. – 2012. – No. 6. – P. 42–64.
4. Al-Mujaz fi Usul al-Fiqh (Concise Book on the Principles of Jurisprudence). – Istanbul: Al-Maktaba al-Hashimiyya, 2021. – 350 p.
5. Islam ghilymkhaly (Islamic Catechism). – Astana: Izdatelstvo AST Poligraf, 2011. – 520 p.
6. Balkybauly, B. Hadis-nazym (Hadith-Nazm). Comp. Q. Iginin. Vol. 1. – Almaty: Alash, 2005. – 287 p.
7. Sunan al-Tirmidhi (Sunan of al-Tirmidhi). No. 2322.
8. Wahbah al-Zuhayli. Usul al-fiqh al-islami. Vol. 1 (Principles of Islamic Jurisprudence). – Damascus, 2011. – 680 p.
9. Al-Mufasssal fi al-Fiqh al-Hanafi. Al-‘Ibadat (Detailed Hanafi Jurisprudence: Acts of Worship). – Damascus: Dar al-Fikr, 2012. – 438 p.
10. Arabsha-qazaqsha sózdik (Arabic-Kazakh Dictionary). – Almaty: Nur-Mubarak Publishing, 2016. – 918 p.

11. Islam aqidasy (Islamic Creed). – Almaty: Samga Publishing, 2018. – 319 p.
12. Iman negizderi (Foundations of Faith). – Almaty: Fund for Support of Islamic Culture and Education, 2011. – 376 p.
13. On ghasyr zhyrlaidy. 2nd ed. (Ten Centuries Sing). – Almaty, 2023. – 416 p.
14. Múgalim sáni (The Second Teacher). – Almaty: Kokzhiiek-B Publishing, 2010. – 54 p.
15. Qur'an Karim. Qazaqsha túsinirmeli audarma (The Qur'an: Explanatory Translation into Kazakh). Transl. A. Akimkhanov, N. Anarbaev. – Almaty: Daur, 2021. – 624 p.
16. Imam Nawawi jınaqtaghan Qyryq hadis (Forty Hadiths Compiled by Imam al-Nawawi). Transl. B. Berdimuratuly. – Almaty: Muftiyat, 2021. – 64 p.
17. Al-Fiqh al-Hanafi al-Muyassar (Simplified Hanafi Jurisprudence). – Beirut: Dar Ibn Kathir, 2002. – 275 p.
18. Sahih Muslim bi sharh al-Nawawi (Sahih Muslim with Commentary of al-Nawawi). – Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyya, 18 vols.
19. Mukhtasar al-Wiqayah ma'a sharhihi ikhtisaru ar-Riwaya. Vol. 1 (The Abridgement of al-Wiqayah with Commentary: Summary of Narrations). – Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyya, 2005. – 471 p.
20. Maraql al-Falah sharh matn Nuri al-Idah (The Ascents of Success: Commentary on Nur al-Idah). – Damascus: Maktaba Dar al-Daqqaq, 2018. – 668 p.
21. Islam ghibadat. Vol. 1 (Islamic Worship, Vol. 1). – Almaty: Daur Publishing, 2013. – 560 p.
22. Kusanov, S. Oriental Style in the Works of Kazakh Poets (2nd half of 19th – early 20th c.). Theoretical and Applied Linguistics/Philology, 2023.
23. Mustafayeva, A. Islamic Higher Education as a Part of Kazakhs' Cultural Identity. Journal of Ethnic and Cultural Studies (JECS), 2023, 10(3):103–127.

Авторлар туралы мәлімет:

Мухитдинов Рашид Сразжович – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениетінің аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3910-8222).

Бердмұрат Бекболат – PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениетінің оқытушысы. (Алматы, Қазақстан, e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-3405-7810).

معلومات عن المؤلفين:

محى الدينوف راشد سرازوفيتش – حاصل على درجة دكتوراه في العلوم الفيلولوجية، أستاذ مشارك، محاضر أول في جامعة نور-مبارك للثقافة الإسلامية المصرية (ألماتي، كازاخستان، e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com).
بيردمورات بيكولات – طالب دكتوراه، مدرس في جامعة نور-مبارك للثقافة الإسلامية المصرية (ألماتي، كازاخستان، e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru).

Information about authors:

Mukhitdinov, Rashid Srazhovich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Senior Lecturer at Nur-Mubarak Egyptian Islamic Culture University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-3910-8222).

Berdmurat, Bekbolat– PhD Candidate, Lecturer at Nur-Mubarak Egyptian Islamic Culture University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru, ORCID ID: 0009–0008–3405–7810)

Информация об авторах:

Мухитдинов, Рашид Сражович – кандидат филологических наук, доцент, старший преподаватель Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com, ORCID ID: 0000–0003–3910–8222).

Бердмурат, Бекболат – докторант PhD, преподаватель Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru, ORCID ID: 0009–0008–3405–7810)